Маңғыстау облысының терроризмге қарсы комиссиясының хаттамалық шешімін орындау бойынша жиналыстың
ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы **№08-04/01** **23.01.2026 жыл**

Жетекшілік етуші: Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы – терроризмге қарсы комиссия хатшысы Ғ.С. Бекпанов
Қатысушылар: Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің, ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің терроризмге қарсы орталығы бөлімінің қызметкерлері, жеке күзет мекемелерінің басшылары *(тізім бойынша)*
Жиналыс хатшысы: Ж.Т. Суитов

Күн тәртібі:

1. Маңғыстау облысының терроризмге қарсы комиссиясының 19.12.2025 жылғы №15-7/236 қбп хаттамасының 2.2. тармағын орындау бойынша, яғни «Пилоттық жоба» ретінде, облыстағы[1] мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілгендігін ескере отырып, білім беру ұйымдарының террористік қауіп-қатерден қорғалу деңгейін, педагогтар мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді арттыру туралы.

1. Маңғыстау облысының терроризмге қарсы комиссиясының 19.12.2025 жылғы №15-7/236 қбп хаттамасының 2.2. тармағын орындау бойынша, яғни «Пилоттық жоба» ретінде, облыстағы мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілгендігін ескере отырып, білім беру ұйымдарының террористік қауіп-қатерден қорғалу деңгейін, педагогтар мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді арттыру туралы
(Ғ. Бекпанов, Е. Төлегенұлы)

«Маңғыстау облысының терроризмге қарсы комиссиясының 19.12.2025 жылғы №15-7/236 қбп хаттамасының 2.2. тармағын орындау бойынша, яғни «Пилоттық жоба» ретінде, облыстағы мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілгендігін ескере отырып, білім беру ұйымдарының террористік қауіп-қатерден қорғалу деңгейін, педагогтар мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді арттыру туралы ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің терроризмге қарсы орталығы бөлімінің бастығы

[1] Пилоттық жоба ретінде Ақтау, Жаңаөзен қалалары және Мұнайлы ауданындағы білім беру мекемелері енгізілсін.

Е. Төлегенұлының баяндамасы назарға алынсын. Аталған бағыттағы жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін келесідей тапсырмалар берілсін.

1.1. Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімі, ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің терроризмге қарсы орталығы бөлімі *(келісім бойынша)*:

1) Өңірдегі мамандандырылған әлеуетті жеке күзет мекемелеріне талдау жасап, нәтижесінде 1 санаттағы жеке күзет мекемелерінің тізбесі жасақталып, Маңғыстау облысының білім басқармасына жолдансын.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 30 қаңтарына дейін, одан әрі тұрақты түрде

1.2. Маңғыстау облысының білім басқармасы:

1) Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімі және ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің терроризмге қарсы орталығы бөлімі тарапынан ұсынылған әлеуетті мамандандырылған 1 санаттағы жеке күзет мекемелерімен Маңғыстау облысының терроризмге қарсы комиссиясының 19.12.2025 жылғы №15-7/236 қбп хаттамасының 2.2. тармағын орындау мақсатында «Пилоттық жоба» шеңберінде Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабы, 3-тармағының 7-тармақшасына сәйкес 2026 жылдың ақпан айына дейін бір көзден қызмет көрсету келісім-шартына отыру жұмыстары жүргізілсін.

Атап айтқанда, Ақтау қаласындағы мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі 14 объект **«Интер Security Group» ЖШС-мен**, 32 объект **«Алаш Арланы» ЖШС-мен**, 33 объект **«ATF- Group Security» ЖШС-мен**, Жаңаөзен қаласындағы мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелермен **«Интер Security Group» ЖШС-мен**, Мұнайлы ауданындағы мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелермен **«SPARTAN Security» ЖШС** келісім-шарт жасақталсын.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 30 қаңтарына дейін, одан әрі тұрақты түрде

Осы хаттаманың орындалуын бақылау өз құзыреттері шегінде Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөліміне жүктелсін.

Маңғыстау облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы **Ғ. Бекпанов**

ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің терроризмге қарсы орталығы бөлімінің бастығы **Е. Төлегенұлы**